

А. Иманбекова, 2-курс

*Ғылыми жетекшісі — Д. Т. Карымсакова, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

Кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдалану

Кәмелетке толмағандардың еңбегін заңсыз пайдаланушылар көп. Заң, кәмелетке толмағандардың еңбек құқығын айрықша қорғайды, өйткені, олар дене күші жағынан да, рухани жағынан да толық өсіп жетілмеген. Өкінішке қарай, кәмелет жасына толмаған бала еңбегін пайдалану Қазақстанда кеңінен етек жайып барады.

Халықаралық еңбек ұйымының деректемелері бойынша балаларды коммерциялық, сексуалдық қызметтерге жезөкшелік, порнография мақсатында немесе порнографиялық материалдарды шығару үшін баланы сату немесе ұсыну), тартудың өсу қарқыны және криминалдық топтардың қызметі (баланы заңсыз іс-әрекетке, әсіресе есірткіні өндіруге және оның заңсыз айналымына тарту үшін пайдалану, сату және ұсыну) байқалуда.

Қазақстандағы бала еңбегін пайдалану салалары мен нысандарына мыналар жатады:

- ауыл шаруашылығы жұмыстары (мақта, темекі, жүзім және т. б дақылдары);
- көліктік қызметтер (шағын автобустағы кондукторлар);
- қайыршылық (жергілікті балалар, көшіп-қонушылар, дені сау адамдар мен мүгедектер);
- сексуалдық қанау (11—18 жас аралығындағы қыз балалар, трассалар, сауналар, пәтерлер);
- есірткі трафигі сора тозаңын жинауға қатысу (мектептерде, шетелге, ел ішінде шабарман болу);
- ата-аналарының, қамқоршыларының бала еңбегін пайдалануы, пайда табу үшін бала асырап алу немесе қамқоршылықты рәсімдеу.

Бала құқықтары туралы қазақстандық заңнама бұрын қолданыста болған кеңестік заңнаманы дамыту үшін Қазақстандық Бала құқықтары туралы конвенцияны бекітуіне дейін қабылданған бірқатар заңдары мен заңға тәуелді актілерін білдіреді. Кейбір баптар мен қағидалар кәмелетке толмағандардың экономикалық қызмет саласын реттейді және балаларды олардың денсаулығына, қауіпсіздігі мен адамгершілігіне зиян келтіруі мүмкін қызметке, яғни бала еңбегінің ауыр нысандарына пайдаланудан және тартудан қорғау мақсатын көздейді. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң әр баланың еңбек бостандығына, қызмет және мамандық түрін еркін таңдауға құқығы бар екенін айтады. Қазақстан бала еңбегін қанауды жою бойынша бірқатар халықаралық құжаттарды ратификациялаған. Оның ішінде 1998 жылғы БҰҰ-ның бала құқығы бойынша Конвенциясына, 2000 жылы бала құқығы бойынша Конвенцияға қосымша хаттамаға қосылған және 2006 жылы Халықаралық еңбек ұйымының 2015 жылға дейін еңбектің сорақы түрлерін жою бойынша халықаралық уағдаластығын мақұлдаған.

Осылайша кәмелетке толмағандардың еңбегін заңсыз пайдалануды назарға алуымыз керек. Тексерулер бойынша балалардың ешқандай еңбек келісімшартынсыз, ата-анасының келісімінсіз жұмыс жасап жатқандары анықталды. Бала еңбегі негізінен сауда орындарында, кафелер мен барларда, автокөлік тұрақтары мен көлік жуу орындарында кеңінен пайдаланылады. Кәмелетке толмағандар еңбегі Қазақстан Республикасы ЕК-сі арқылы реттеледі. Мысалы, аптасына 40 сағат, яғни, күнделікті жұмыс жасау үшін 18 жастан асқан азаматтар ғана жұмысқа алынуы керек. Ал 14—18 жас аралығындағы жасөспірімдер қысқартылған жұмыс уақытымен, ата-аналарының (қорғаушы, қамқоршыларының) келісімімен қысқартылған жұмыс уақытымен еңбек ете алады және жұмыс беруші заң бойынша ең төменгі жалақы мөлшерінен аз төлеуге болмайтындығы заңда атап көрсетілген.

Қазіргі таңда кәмелетке толмаған жасөспірімдердің еңбегін қанау мемлекеттік мониторингтің бақылауынсыз және қарауынсыз қалған өзекті де маңызды шешімін табу керек сұрақтардың бірі. Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің бала еңбегін пайдаланудың алдын алуға қолданылып жатқан шаралар жеткіліксіз. Осы проблемаға қатысы бар институттар мен ұйымдарды жұмылдыру қажет.

Көп жағдайда базарда жұмыс істейтін балалар ресми түрде тіркелмейді. Олардың еңбек келісімшарттары жоқ. Сол себептен, балалар ауырып немесе дене жарақатын алған жағдайда олардың әлеуметтік жағынан қорғалуы екіталай. Бұл жағдайды жұмыс берушілердің қателігі деп қарастыруға да болады. Арам кәсіпкерлер үшін осындай еңбек күшін пайдалану өте ыңғайлы, себебі, жалақыны аз төлейді, зейнетақы, салық төлемдердің төлеудің қажеті жоқ. Кішкентай Қазақстан азаматтарының бақытты балалық шағына бірқатар құзырлы органдар және министрліктер жауап береді. Алайда ата-аналардың көбісі балаларын жұмыс берушілер алдап кеткен жағдайда ешқандай шара қолданбайды. Бірі «өмір сондай» сөзімен ақталса, бірі «күн көруге мұқтаж». Кейбірі ондай нәрсеге араласқысы келмей, балаларына салғырттылықпен қарайтындар да баршылық. Қорытындылай келе, бала еңбегін пайдалануды шектеуге балама таңдау ретінде жұмыс берушілерге көп жағдайда жеке кәсіпкерлерге үндеу ретінде кәмелет жасына толмағандарды жұмысқа аларда олармен міндетті түрде еңбек шартын жасасуды талап етуге, еңбек шарты болмаған жағдайда жасөспірімдердің ата-аналарын емес жұмыс берушілерді қылмыстық жауаптылыққа тарту, жазасыз қалдырмау дұрыс. Бұл өзекті мәселенің шешімі ретінде ай сайын балалар жұмыс жасайтын орындарда рейдтер жүргізумен қатар, жағдайы жоқ отбасындағы балаларға еңбек инспекциясына жүгінуі керек.